Нөмірі: KZ64VDC00044024
Күні: 11.12.2015

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» Мемлекеттік Мекемесі

АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
Государственное учреждение «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования» Актюбинской области

030010, Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан данғылы 40,
☎: 8(7132) 55-09-30, факс: 8(7132) 55-09-34
e-mail: nedra2004@inbox.ru

030010, город Актобе, пр..Абилкайыр хана 40,
☎: 8(7132) 55-09-30, факс: 8(7132) 55-09-34
e-mail: nedra2004@inbox.ru

«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы»ММ

«Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Көктөбе кен орнындағы жер асты сулары қорын бағалау мақсатымен барлауға дейінгі кезең» жұмыс жобасына Мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы

«Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Көктөбе кен орнындағы жер асты сулары қорын бағалау мақсатымен барлауға дейінгі кезең» жұмыс жобасын «Akpan Oil & Gas Services»ЖШС әзірленген.

«Қоршаған ортаға әсерін бағалау (ҚОӘБ)» жобасын «Akpan Oil & Gas Services»ЖШС әзірлеген.

Жоба материалдарының тапсырушысы: «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы»ММ.

Мемлекеттік экологиялық сараптаманың қарастыруына «Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Көктөбе кен орнындағы жер асты сулары қорын бағалау мақсатымен барлауға дейінгі кезең» жұмыс жобасы ұсынылды.

Мемлекеттік экологиялық сараптама өткізу туралы БАҚ хабарландыру;

Материалдар қарастыруға №8452 хатпен 2015 жылы 18 қарашада түсті.

Жалпы мағлұматтар

Жобада Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Көктөбе кен орнындағы жер асты сулары қорын бағалау мақсатымен барлауға дейінгі кезең қарастырылған.

Көктөбе жер асты сулары кен орны Ор өзенінің орталық ағысы ауданында Солтүстік Мұғалжарда орналасқан. Әкімшілік бөлу бойынша кен орын Ақтөбе облысы, Хромтау ауданында орналасқан.

Кен орын аудандары халықаралық кескіндеудің М-40-46, М-40-47, М-40-58 және М-40-59 бетерінде орналасқан.

Кен орыннан облыс орталығы Ақтөбе қаласы 135 км батыста және аудан орталығы Хромтау қаласы 65 км оңтүстік-батыста орналасқан.

Жақын жердегі теміржол жолдарына 50 км оңтүстік-батыстағы Никельтау және Кемпірсай стансалары және 60 км оңтүстік-батыстағы Хромтау қаласының стансасы жатады.

Кен орында келесідей жұмыстар жүргізіледі:

- Техникалық, санитарлық-гидрологиялық және экологиялық зерттеулер;
- Бұрғылау жұмыстары;
- Тәжірбиелік- сүзгілеу жұмыстары;
- Топогеодезиялық жұмыстар;
- Режиімдік бақылаулар;
- Сынама алу және зертханалық жұмыстар;

- Камеральды жұмыстар;
- Уақытша ғимараттар салу.

Жобада объектінің технологиялық және құрылыс шешімдері, объект орналастырылатын ауданының климаттық сипаттамалары жөнінде қысқаша мәліметтер келтірілген.

Қоршаған ортаға әсерді бағалау

Объектінің барлауға дейінгі кезеңде атмосфералық ауаға ластаушы заттектер шығару көздеріне – ЛБУ-50-04 бұрғылау қондырғысы, КВ 12/12 компрессоры, ЭО-3323 маркалы экскаватор, топырақтың құнарлы қабатын кесіп алу және бұрғылау жұмыстары жатады.

Барлауға дейінгі кезеңдегі жұмыстары кезінде атмосфералық ауаға бөлінетін ластаушы заттардың шығарындылар мөлшері- **0.6480233085**т/жыл құрайды.

Атмосфералық ауаға шығарылатын ластаушы заттардың нормативтері 1 қосымшада берілген (3 бетте). Осы МЭС қорытындысы аталған қосымшасыз жарамсыз.

Жер асты және жер үсті суларына әсері

Жобаланған объектідегі су ресурстардың әсері, ағынды сулардың ластану дәрежесіне байланысты және олардың жергілікті тазарту құрылыстарында тазартылуынның мүмкіндігі бойынша, су ресурстарын тиімді пайдалану бағамен анықталады.

Барлауға дейінгі кезеңде өндірістік қажеттіліктер үшін су Майтөбе ауылынан 17 км-гі Көктау ауылының колонкаларынан тасымалданып әкелінеді. Ауыз су бөтелкелермен тасымалданып әкелінеді.

Барлауға дейінгі кезеңде ағынды сулар кәріз жүйесіне ағызылады.

Барлауға дейінгі кезеңдегі жұмысшылар саны-9 адам.

Барлауға дейінгі кезеңдегі жалпы су мөлшері – 60,75 $м^3$/жыл.

Барлауға дейінгі кезеңдегі ағынды сулардың мөлшері – 60,75 $м^3$/жыл.

Объектінің құрылысы мен пайдалануы кезінде жер асты, жер үсті суларының ластануы күтілмейді.

Топыраққа, өсімдіктер және жануарлар әлеміне әсері

Жобаны жүзеге асыру барысында топырақ қабатына, өсімдіктер және жануарлар әлеміне қайтарылмайтын кері әсерлер күтілмейді.

Қалдықтар

Барлауға дейінгі кезеңде пайда болатын қалдықтар түріне жататындар: қатты тұрмыстық қалдықтар, құрылыс қалдықтары.

Келтірілген есептерге сәйкес, құрылыс кезінде пайда болатын өндіріс және тұтыну қалдықтарының көлемі **5,39 т/жыл** құрайды.

Өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру нормативтері

Қалдықтардың аты	Пайда болуы, т/жыл	Орналастыру, т/жыл	Шеттегі мекемелерге шығару, т/жыл
Барлауға дейінгі кезең			
Жасыл қауіптілік деңгейі			
Қатты тұрмыстық қалдықтар	0,26	-	0,26
Құрылыс қалдықтары	5,13	-	5,13
Барлығы	**5,39**		**5,39**

Пайда болатын барлық қалдықтар әрі қарай жою үшін арнайы кәсіпорынға келісім шарт бойынша жіберіледі. Тұрмыстық қатты қалдықтар контейнерлерге жиналып, ҚТҚ полигондарына келісім-шартқа сай жіберіліп отырады. Құрылыс қалдықтары уақытша арнайы алаңда жиналып, арнайы кәсіпорынға тапсырылады.

Физикалық әсер ету

Физикалық факторлар әсері объектілердің құрылыс алаңдары шектерімен шектелген. Құрылыс объектісінде айқын байқалатын физикалық факторларға шу әсерлері жатады.

Қорытынды

«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мемлекеттік экологиялық сараптамасы «Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Көктөбе кен орнындағы жер асты сулары қорын бағалау мақсатымен барлауға дейінгі кезең» жұмыс жобасына **келісімін береді.**